



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (1)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (1)

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (1)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814–6961 (Print)
ISSN: 2788–9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 185–
198
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>



ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.91

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_1_185-198

XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ

Алма Әмірханқызы Байжанова¹, Әуезхан Қадіржанұлы Шашаев², Забираш Әшімханқызы Әділбекова^{3*}

¹Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
(13-үй, Байтұрсынов к., Шымкент қ., 160012. Қазақстан)
PhD докторант
<https://orcid.org/0009-0002-2063-7810> E-mail: alma_2786@mail.ru

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко к., Алматы қ., 050000. Қазақстан).
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
<https://orcid.org/0000-0002-4902-0120> E-mail: shashaevauvezhan@mail.ru

^{3*} Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ түрік университеті
(29/3-үй, Б.Саттарханов к., Түркістан қ., 161200. Қазақстан)
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
<https://0000-0003-3522-3733> E-mail: Zabirash.adilbekova@ayu.edu.kz

© Ш.Ш.Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Байжанова А.Ә., Шашаев Ә.Қ., Әділбекова З.Ә., 2026

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесінің қалыптасуы мен дамуы күрделі әрі көпсатылы үдеріс ретінде қарастырылған. Зерттеуде кеңестік биліктің білім беру саласына енгізген реформаларының саяси, әлеуметтік және мәдени алғышарттары талданып, ағартушылық қозғалыстың ұлттық сипаттағы мазмұны ашылады. Автор мемлекеттік саясатпен қатар, ұлттық интеллигенцияның, әсіресе Түркістан республикасында қызмет еткен «Талап» қоғамының ағартушылық бастамаларын білім беру жүйесінің даму динамикасындағы маңызды фактор ретінде атап көрсетеді. *Мақсаттар мен міндеттер.* Мақалада 1920–30 жылдардағы оқу-ағарту ісінің негізгі бағыттарын анықтау, сауатсыздықты жою науқанының жүзеге асу тетіктерін талдау, мұғалім кадрларын даярлау ісінің проблемаларын айқындау, ұлттық мектептер үшін оқулық әзірлеу ісінің ерекшеліктерін зерттеу негізгі міндеттер ретінде қойылады. Сонымен қатар «Талап» қоғамының ағартушылық қызметінің мазмұнын, оның білім беру реформаларына ықпалын ашу мақсаты көзделеді. *Материалдар мен тәсілдер.* Зерттеудің деректік негізін Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының қорларынан алынған материалдар, «Ақ жол», «Еңбекші қазақ» сияқты мерзімді басылымдар мен ұлттық ағартушылардың еңбектері құрады. Деректерге тарихи-генетикалық талдау, салыстырмалы және мәтіндік талдау әдістері қолданылды. *Нәтижелер.* Зерттеуде Қазақстандағы білім беру жүйесінің қалыптасуына әсер еткен негізгі факторлар

айқындалды: сауатсыздықты жою шараларының ұйымдасуы, ұлттық мектептердің құрылуы, оқу-әдістемелік қамтамасыз етудегі қиындықтар, мұғалім тапшылығы, сондай-ақ оқу мазмұнының кеңестік идеологияға сәйкестендірілуі. «Талап» қоғамының оқулық әзірлеу, ғылыми дәрістер ұйымдастыру, этнографиялық материалдар жинау, жаңа емле курстарын өткізу және жастарды оқытуға қолдау көрсету бағытындағы нақты қызметтері айқындалды. Ұлттық интеллигенцияның ағартушылық бастамаларының білім беру жүйесінің қалыптасуына ықпалы ерекше көрсетілді. *Қорытынды.* Зерттеу нәтижелері ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі оқу-ағарту саясатының тек әкімшілік шара ғана емес, ұлттық мәдени жаңғырудың маңызды құрамдас бөлігі болғанын дәлелдейді. «Талап» қоғамы сияқты ағартушылық ұйымдардың қызметі қазақ қоғамында жаңа білім кеңістігін қалыптастыруға ықпал етіп, ұлттық мектеп пен педагогикалық ойдың дамуындағы шешуші факторлардың бірі болды.

Түйін сөздер: оқу-ағарту, сауатсыздықты жою, «Талап» қоғамы, ұлттық мектеп, мұғалім кадрлары, оқулық, ағарту ісі.

Дәйексөз үшін: Байжанова А.Ә., Шашаев Ә.К., Әділбекова З.Ә. ХХ ғасырдың 20–30 жылдарындағы Қазақстандағы оқу-ағарту мәселелері: тарихи талдау // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. 185–198-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_185-198

ИСТОРИКО-НАУЧНЫЙ АНАЛИЗ ПРОБЛЕМ РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В 1920–1930-е ГОДЫ

¹Алма Байжанова Амирхановна, Ауезхан Кадыржанович Шашаев², Адилбекова Забираш Ашимхановна^{3*}

¹Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков
(ул. Байтұрсынова, 13, г. Шымкент, 160012, Казахстан)
PhD докторант
ORCID <https://orcid.org/0009-0002-2063-7810> E-mail: alma_2786@mail.ru

²Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Уалиханова
(ул. Шевченко, 28, г. Алматы, 050000, Казахстан).
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4902-0120> E-mail: shashaevauvezhan@mail.ru

^{3*}Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(ул. Б. Саттарханова, дом 29/3, г. Туркестан, 161200, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, доцент
ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3522-3733> E-mail: Zabirash.adilbekova@ayu.edu.kz

© ИИЭ им. Ч.Ч. Уалиханова, 2026

© Байжанова А.А., Шашаев А.К., Адилбекова З.А., 2026

Аннотация. *Введение.* В статье рассматривается формирование и развитие системы народного образования в Казахстане в 1920–1930-е годы как сложный и многоэтапный процесс. Анализируются политические, социальные и культурные предпосылки реформ, проведенных советской властью в сфере образования, а также раскрывается сущность национального просветительского движения. Автор подчеркивает, что помимо государственной политики важную роль играла деятельность национальной интеллигенции, в частности просветительского общества «Талап», действовавшего в Туркестанской республике. *Цели и задачи.* В статье поставлены следующие задачи: определить основные направления развития образования в 1920–1930-е годы, проанализировать механизмы борьбы с неграмотностью, выявить проблемы подготовки педагогических кадров, а также исследовать особенности создания учебников для национальной школы. Особое внимание уделено содержанию деятельности общества «Талап» и его влиянию на образовательные реформы. *Материалы и методы.* Источниковую базу исследования составили материалы Центрального государственного архива Республики Казахстан, периодическая печать («Ақ жол», «Еңбекші қазақ»), а также труды национальных просветителей. Применены методы историко-генетического,

сравнительного и текстологического анализа. *Результаты.* В исследовании выявлены ключевые факторы, повлиявшие на становление системы образования: организация мероприятий по ликвидации неграмотности, создание национальных школ, трудности учебно-методического обеспечения, нехватка учителей и идеологизация учебного содержания. Установлена значимая роль общества «Талап» в подготовке учебников, проведении научных лекций, сборе этнографических материалов, организации курсов нового правописания и поддержке молодёжи. Показан вклад национальной интеллигенции в формирование образовательного пространства. *Заключение.* Результаты исследования демонстрируют, что образовательная политика 1920–1930-х годов была не только административной мерой, но и важной частью национального культурного обновления. Деятельность таких просветительских организаций, как «Талап», способствовала формированию нового образовательного пространства и стала одним из ключевых факторов развития национальной школы и педагогической мысли.

Ключевые слова: народное образование, ликвидация неграмотности, общество «Талап», национальная школа, педагогические кадры, учебник, просвещение.

Для цитирования: Байжанова А.А., Шашаев А.К., Адилбекова З.А., Адилбекова З.А. 2026. Проблемы народного образования в Казахстане в 1920–1930-е годы: исторический анализ // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. С. 185–198. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_185-198

HISTORICAL AND SCHOLARLY ANALYSIS OF THE ISSUES IN THE DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN'S EDUCATIONAL SYSTEM IN THE 1920S–1930S

¹Alma Baizhanova Amirkhanovna, ²Auezhan Kadyrzhanovich Shashaev, Adilbekova Zaborash Ashimkhanovna^{3*}

¹O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University

(13 Baitursynov St., Shymkent, 160012, Kazakhstan)

PhD doctoral student

ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-2063-7810> E-mail: alma_2786@mail.ru

²Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology

(28 Shevchenko St., Almaty, 050000, Kazakhstan)

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4902-0120> E-mail: shashaevauezhan@mail.ru

^{3*}International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi

(29/3 B. Sattarkhanov Street, Turkistan, 161200, Republic of Kazakhstan)

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3522-3733> E-mail: Zaborash.adilbekova@ayu.edu.kz

© Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, 2026

© Baizhanova A.A., Shashaev A.K., Adilbekova Z.A., 2026

Abstract. Introduction. The article examines the formation and development of the education system in Kazakhstan during the 1920s–1930s as a complex and multi-stage process. It analyzes the political, social, and cultural prerequisites of educational reforms introduced by the Soviet government and reveals the national character of the Enlightenment movement. The authors emphasize the important role of the national intelligentsia, particularly the “Talap” Society, which was active in the Turkestan Republic. *The purpose and objectives of the study.* The study aims to identify the main directions of educational development in the 1920s–1930s, analyze mechanisms of the literacy campaign, determine challenges in teacher training, and explore features of textbook creation for national schools. Special attention is given to the activities of the “Talap” Society and its influence on educational reforms. *Materials and methods.* The research is based on materials from the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, periodicals (“Aq Zhol”, “Enbekshi Qazaq”), and works of prominent Kazakh educators. Historical-genetic, comparative, and textual analysis methods were used. *Results.* The study identifies the key factors influencing the formation of the education system: the organization of literacy campaigns, the establishment of national schools, challenges in

methodological support, shortage of teachers, and the ideological framing of the curriculum. The role of the “Talap” Society in preparing textbooks, organizing scientific lectures, collecting ethnographic materials, conducting new orthography courses, and supporting youth is revealed. The contribution of the national intelligentsia to shaping the educational landscape is emphasized. *Conclusion.* The findings demonstrate that the educational policy of the 1920s–1930s was not merely an administrative measure but an essential component of national cultural renewal. The activity of societies such as “Talap” contributed to shaping a new educational environment and became a key factor in the development of national schooling and pedagogical thought.

Keywords: education, literacy campaign, “Talap” Society, national school, teacher training, textbook, enlightenment.

For citation: Baizhanova A.A., Shashaev A.K., Adilbekova Z.A. Educational Issues in Kazakhstan in the 1920s–1930s: Historical Analysis // *Otan Tarihy*. 2026. Vol. 29. No. 1. Pp. 185–198. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_185-198

Кіріспе: XX ғасырдың 20–30 жылдары Қазақстан тарихындағы ең күрделі әрі шешуші кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл уақыт саяси жүйенің түбегейлі өзгеруіне, жаңа мемлекеттік құрылым қалыптасуына, экономикалық қатынастардың қайта ұйымдасуына ғана емес, сонымен бірге халықтың рухани дүниесі мен мәдени өмірінің де түбегейлі жаңаруына жол ашты. Кеңестік биліктің орнығуымен бірге Қазақстандағы оқу-ағарту саласы түбегейлі өзгерістерге ұшырап, білім беру жүйесін модернизациялауға бағытталған масштабты реформалар жүргізілді. Осы реформалар мен бастамалардың ішіндегі ең маңыздысы – халықты жаппай сауаттандыру, ұлттық мектеп жүйесін қалыптастыру, қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарын дайындау, жаңа әліпбиді енгізу, мұғалім кадрларын даярлау және қазақ халқының тарихи-этнографиялық мұрасын жинау сияқты істер болды.

Бұл міндеттердің жүзеге асуына мемлекеттік органдармен бірге ұлттық интеллигенцияның, соның ішінде Түркістан республикасында құрылған «Талап» қоғамы сияқты ағартушылық ұйымдардың қосқан үлесі ерекше. 1920-жылдары оқу-ағарту мәселелері тек мемлекет деңгейіндегі саясат емес, қазақ зиялылары үшін ұлттық болмысты сақтау, мәдени тұтастықты нығайту және жаңа қоғамдық сананы қалыптастыру жолындағы стратегиялық міндет болды.

Қазақ халқы үшін оқу-ағарту XIX ғасырдың соңынан бастап негізгі әлеуметтік қажеттілікке айналғанымен, нақты жүйелі мектеп құрылымы мен отандық педагогика XX ғасырдың алғашқы ширегінде ғана қарқынды дами бастады. Бұл тұрғыдан келгенде 1920–1930 жылдар арасындағы кезең қазақ қоғамының мәдени жаңғыруында ерекше тарихи орын алады. Біріншіден, Қазақстанда сауатсыздық деңгейі өте жоғары болды. Ресми статистикаға сәйкес, ауылдық жерлердегі халықтың 90 пайызға жуығы хат танымаған. Сондықтан кеңестік билік білімді қоғам құруды негізгі идеологиялық бағыттардың бірі деп санап, сауатсыздықты жою бағдарламасын жариялады.

Екіншіден, ұлттық кадрлардың аздығы білім беру ісінің қарқынды дамуына кедергі жасады. Педагогикалық мамандардың жетіспеушілігінен көптеген мектептерде оқу процесін біліксіз немесе қысқа мерзімді курстардан өткен мұғалімдер жүргізді. Үшіншіден, қазақ тіліндегі оқулықтардың жоқтығы немесе тым тапшылығы оқу-ағарту ісін дамытудағы басты проблемалардың бірі болды.

Дәл осындай жағдайда «Талап» қоғамы сияқты ұлттық ағартушылық ұйымдардың пайда болуы кездейсоқ емес еді. Түркістандағы қазақ зиялылары бұрынғы «Алаш» қозғалысының идеялық мұрагерлері ретінде халықты білімдендіруді, ұлттық мәдениетті зерттеуді, қазақ тіліндегі оқу құралдарын шығаруды, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүйелеуді басты мақсат етіп қойды.

«Талап» қоғамының мүшелері – М. Тынышпаев, Ә. Диваев, М. Есболов, М. Әуезов, Х. Досмұхамедов және басқа да тұлғалар – тек ағарту ісімен айналысып қана қоймай, бүкіл ұлттық рухани кеңістіктің мазмұнын анықтауға күш салды. Олардың ұйымдастырған ашық дәрістері, ұлттық тарих пен этнографияға арналған баяндамалары, қазақ тілінің ғылыми зерттелуіне қосқан үлестері, оқулық дайындау ісіндегі бастамалары Қазақстандағы оқу-ағарту саясатына шынайы мазмұн берді.

Сондай-ақ бұл кезең саяси қуғын-сүргін, идеологиялық қысым, ұлттық интеллигенцияға жасалған шектеулермен де ерекшеленеді. Соған қарамастан, қазақ зиялыларының 20-жылдардағы ағартушылық қызметі өзінің тарихи миссиясын атқарды және еліміздің ұлттық білім жүйесінің іргетасын қалады.

Бұл мақалада XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің негізгі бағыттары мен проблемалары «Талап» қоғамының қызметімен тығыз байланыста талданады. Архив

деректері мен баспасөз материалдары негізінде оқулық шығару, оқыту мазмұнын жаңарту, этнографиялық зерттеулер жүргізу және ұлттық мәдениетті қайта түлету жолындағы әрекеттер тарихи тұрғыда сараланады.

XX ғасырдың 20–30 жылдары Қазақстандағы оқу-ағарту саясаты кеңестік мемлекет құрудың стратегиялық бағыты ретінде айқындалды. Бұл кезеңде білім беру жүйесі жаңа саяси жүйенің идеологиялық талаптарына негізделіп қайта құрылды. Кеңес билігі үшін білім – өндіріс кадрларын даярлау құралы ғана емес, сонымен бірге жаңа қоғамды қалыптастырудың идеологиялық тетігі болды. Сондықтан Қазақстандағы мектеп жүйесін жаңғырту бірнеше бағыт бойынша қатар жүзеге асты: сауатсыздықты жою, ұлттық мектептерді ашу, жаңа оқулықтар әзірлеу, педагог кадрларды даярлау, мектептердің материалдық базасын қамтамасыз ету және білім мазмұнын социалистік идеологияға сәйкестендіру.

Материалдар мен әдістер: Зерттеудің деректік негізін XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Қазақстандағы оқу-ағарту ісіне қатысты мұрағат құжаттары, кезеңдік баспасөз материалдары және ұлттық интеллигенция өкілдерінің ғылыми еңбектері құрады. Негізгі деректер Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының 693-қорының 1-тізбесіндегі 7, 9, 15, 19, 20, 33-істерден алынды [ҚРОМА. 693-қ. 1-т. 20-іс. 20-п.; 693-қ. 1-т. 20-іс. 3-п.; 693-қ. 1-т. 19-іс. 1-п.; 693-қ. 1-т. 15-іс. 27-п.]. Бұл мұрағат материалдары оқу-ағарту жүйесінің институционалдық құрылымы, оқулық мәселесі, мұғалім кадрларының даярлануы, «Талап» қоғамының қызметі және халықтың сауаттылық деңгейі жөнінде нақты әрі құнды мәліметтер береді.

Сонымен қатар «Ақ жол», «Еңбекші қазақ» сияқты мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалар мен хабарламалар 1920–30 жылдардағы ағартушылық бастамалардың қоғамдық қабылдануын, ұлттық интеллигенцияның көзқарастарын және білім беру саласындағы өзекті мәселелерді айқындауға мүмкіндік берді [ҚРОМА. 693-қ. 1-т. 7-іс. 2-п.]. Қазақ зиялыларының ғылыми және педагогикалық еңбектері (А. Байтұрсынұлы, М. Тынышпаев, Х. Досмұхамедов, М. Жұмабаев және т.б.) ұлттық мектептің теориялық-әдістемелік негізін талдау үшін пайдаланылды.

Әдіснамалық тұрғыдан зерттеу тарихи-салыстырмалы, тарихи-генетикалық, жүйелік талдау және құжаттарды текстологиялық талдау әдістеріне сүйенді. Бұл тәсілдер оқу-ағарту ісінің эволюциясын, оның саяси-әлеуметтік факторларға тәуелділігін және ұлттық интеллигенцияның, соның ішінде «Талап» қоғамының білім беру жүйесін қалыптастырудағы рөлін объективті түрде бағалауға мүмкіндік берді [Қозыбаев, 1998; Қойгелдиев, 2004; Қабылдинов, 2019].

Талқылау. XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің дамуы кеңестік саяси жүйенің қалыптасуы, әлеуметтік қайта құрулар және ұлттық мәдени жаңғыру үдерістерімен тығыз байланысты болды. Жоғарыда талданған мұрағаттық деректер бұл кезеңдегі білім беру жүйесінің қалыптасуына ықпал еткен бірнеше негізгі бағытты айқындауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың тапшылығы оқу-ағарту ісін ұйымдастырудағы басты проблемалардың бірі болды. Қазақ тіліндегі оқу құралдарының жетіспеуі ұлттық мектептердің мазмұндық дамуын тежеді. Осы тұрғыдан алғанда, «Талап» қоғамының оқулық әзірлеу ісіндегі қызметі ерекше маңызға ие болды. Жәленовтің «Есептану» оқулығын басып шығаруға қатысты мұрағаттық құжаттарда Халық комиссарлар кеңесі тарапынан қаржы бөлініп, Мемлекеттік баспаның оқулықты 15 000 данамен басып шығаруға міндеттелуі қоғамның ағартушылық бастамаларының мемлекеттік деңгейде қолдау тапқанын көрсетеді [ҚРОМА. 693-қ. 1-т. 7-іс. 5-п.; 693-қ. 1-т. 20-іс. 23-п.]. Бұл жағдай «Талап» қоғамының қызметін ұлттық білім беру жүйесінің нақты қажеттіліктеріне жауап берген ұйым ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Қоғам оқу-ағарту саласындағы ең өзекті мәселелерге – қазақ тіліндегі оқулықтардың тапшылығына, ұлттық мазмұндағы білім беру қажеттілігіне және мұғалім кадрларының біліктілігін арттыруға нақты практикалық шешімдер ұсынды. «Талап» қоғамы әзірлеген және қолдаған оқулықтар мен ғылыми дәрістер мемлекеттік оқу саясатының олқылықтарын толықтырып, ұлттық мектептің мазмұндық негізін қалыптастыруға ықпал етті. Осы арқылы қоғам тек ағартушылық бастамашы ғана емес, ұлттық білім беру жүйесінің институционалдық дамуына әсер еткен маңызды қоғамдық құрылым ретінде көрінеді [Әлмаханова, 1998; Шашаев, 2020].

Екіншіден, «Талап» қоғамының ғылыми-ағартушылық қызметі қазақ халқының тарихы, этнографиясы, тілі мен әдебиетіне қатысты білімнің жүйелі түрде қалыптасуына ықпал етті. Қоғам ұйымдастырған дәрістер қатарында М.Тынышпаевтың түркі-монғол тарихына арналған баяндамалары, Ә.Диваевтың этнографиялық зерттеулері, М.Әуезов пен М. Жұмабаевтың әдеби-ғылыми дәрістері болды. Бұл материалдар «Талап» қоғамының қызметі тек оқу құралдарын

дайындаумен шектелмей, ұлттық ғылыми ойды дамытуға бағытталғанын дәлелдейді [ҚР ОМА. 693-қ. 1-т. 7-іс. 6-п.; 693-қ. 1-т. 20-іс. 73-п.; Шашаев, 2020].

Үшіншіден, шетелде білім алып жүрген қазақ жастарына материалдық және ұйымдастырушылық көмек көрсету де қоғам қызметінің маңызды бағыттарының бірі болды. Берлин қаласындағы қазақ студенттеріне қатысты 1923 жылғы мәжіліс материалдары «Талап» қоғамының ұлттық кадрларды даярлау ісін стратегиялық маңызы бар мәселе ретінде қарастырғанын көрсетеді. Қоғамның шетелде оқып жүрген жастарға қаржылай және ұйымдастырушылық қолдау көрсетуі болашақ ұлттық интеллигенцияны сақтап қалуға және кәсіби даярлауға бағытталды. Арнайы дәріс-талқылар өткізу арқылы қаражат жинау бастамасы кеңестік білім беру жүйесінің әлеуметтік шектеулерін қоғамдық деңгейде өтеуге ұмтылыс болғанын аңғартады. Бұл әрекеттер «Талап» қоғамының ағартушылық қызметі тек ішкі білім беру мәселелерімен шектелмей, ұлттық кадр саясатын қалыптастыруға бағытталғанын дәлелдейді [ҚР ОМА. 693-қ. 1-т. 15-іс. 27-п.; Әпендиев, 2021].

Төртіншіден, ұлттық мәдениетті сақтау және насихаттау мәселесі оқу-ағарту ісінің ажырамас бөлігіне айналды. А.Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойына арналған құттықтау хатта «Талап» қоғамының оны ұлттық мектептің негізін қалаушы, қазақ тіл білімінің реформаторы ретінде жоғары бағалауы зиялы қауым арасындағы рухани сабақтастық пен ұлттық элитаның тарихи миссиясын айқындайды [Қамзабекұлы, 1997: 43–47; Қойгелдиев, 2004].

Осылайша, «Талап» қоғамының қызметі ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің қайта жаңғыруына, ұлттық мектеп пен педагогикалық ойдың қалыптасуына берік негіз қалады.

Нәтижелер: Қазақстанда білім беру саясатын орталықтандыру 1920 жылы Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының құрылуымен басталды [ҚР ОМА. 693-қ. 1-т. 20-іс. 20-п.]. Комиссариат мектептердің жұмысын реттеп, білім беру мазмұнын кеңестік талаптарға сәйкестендіру, жаңа типтегі біртұтас еңбек мектебін енгізу, ұлттық кадрларды даярлау сияқты міндеттерді атқарды.

Қазақстанның оқу-ағарту жүйесін қалыптастыруда РСФСР Халық ағарту комиссариатының нормативтік құжаттары үлгі ретінде қолданылды. 1918 жылғы «Біртұтас еңбек мектебінің жарғысы» қазақ даласында да енгізілді. Бұл модель мектептің еңбек және политехникалық сипатына басымдық берді: оқушыларды өндірістік, ауыл шаруашылық және тұрмыстық еңбектің элементтерімен таныстыру міндеттелді.

Алайда Қазақстан жағдайында бұл модельді іске асыру оңайға түскен жоқ. Өйткені ауылдық аймақтардағы экономикалық жағдай өте төмен болды, мектеп ғимараттары жетіспеді, мұғалім кадрлары тапшы еді. Дегенмен кеңестік билік оқу-ағарту ісін идеологиялық құрал ретінде көргендіктен, білім саласына үлкен мемлекеттік қаржы бөлінді.

20-жылдары қазақ халқының білім алуын ана тілінде жүргізу мәселесі өзекті болды. Бұған дейінгі миссионерлік мектептерде оқыту орыс тілінде жүргізілгендіктен, қазақ балаларының көпшілігі бұл жүйеден тыс қалған еді.

Кеңес үкіметі «ұлттарды жақындастыру» саясаты барысында ұлттық тілдердегі мектептер ашуды қолдады. Қазақ мектептерінің саны 1920–1925 жылдар аралығында бірнеше есеге артты [ҚР ОМА. 693-қ. 1-т. 20-іс. 73-п.]. Бірақ мектептердің тез көбеюі оқулықтардың, мұғалімдердің және оқу материалдарының тапшылығын тудырды.

Дәл осы тұста «Талап» сияқты ұлттық мәдени-ағарту қоғамдарының маңызы артты. Олар мемлекет қол жеткізе алмай отырған мәселелерді өз еркімен шешуге кірісті – оқулықтар жазу, мұғалімдерге курс ұйымдастыру, ұлттық мәдениетті зерттеу, жастардың білім алуына қолдау көрсету.

Қоғамдық ағартушылық ұйымдардың рөлі. Түркістан республикасында құрылған «Талап» қоғамы оқу-ағарту ісін дамытуда ерекше белсенділік танытты. Қоғамның негізгі мақсаттарының бірі – қазақ мектептері үшін оқу құралдарын әзірлеу, ұлттық тарих пен этнографияны зерттеу, ғылыми-педагогикалық мәжілістер өткізу болды [ҚР ОМА. 693-қ. 1-т. 7-іс. 2-п.].

Жәленовтің арифметика оқулығын («Есептану») шығару ісі қоғам жұмысының нақты және нәтижелі үлгісі болып табылады. Бұл оқулықты басып шығаруға мемлекет тарапынан қаржы бөлінуі және Мемлекеттік баспаның қолдауы – ұлттық оқу құралдарына деген сұраныстың жоғарылығын дәлелдейді [Әлмаханова, 1998; Қамзабекұлы, 1997; Байтұрсынұлы, 1922].

«Талап» қоғамы ұйымдастырған ғылыми дәрістер оқу-ағарту саясатын мазмұндық тұрғыда толықтырды. М. Тынышпаев, Ә. Диваев, М. Әуезов, М. Жұмабаев сынды тұлғалардың дәрістері қазақ халқының тарихын, әдебиетін, тілін ғылыми негізде таныстыруға бағытталды.

20–30 жылдардағы оқу-ағарту ісінің тағы бір ерекшелігі – идеологияландырудың күшеюі. Кеңестік сабақ жоспарлары мен оқулықтарда маркстік-лениндік қағидалар міндетті түрде енгізілді. Тарих пәнінде революциялық қозғалыстар, тап күресі, социалистік жүйенің артықшылықтары басым берілді.

Сонымен қатар ұлттық интеллигенцияның оқу-ағарту жүйесіне ықпалы біртіндеп шектеле бастады. 1930-жылдардағы репрессия кезінде қазақ зиялыларының басым бөлігі қудаланып, оқу-ағарту саласына ауыр зардап келді. Х. Досмұхамедов, М. Тынышпаев, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынұлы сияқты тұлғалардың еңбектері оқу бағдарламаларынан алынып тасталды.

Социалистік экономиканың оқу-ағартуға әсерін талдау нәтижесінде, 20–30 жылдарда индустриализация мен ұжымдастыру саясаты жүргізіліп жатқандықтан, техникалық және кәсіптік білімге сұраныс артты. Осыған байланысты жұмысшы факультеттері (рабфак), техникумдар және қысқа мерзімді курстар ашылды. Бірақ ауылдық жерлердегі қауырт әлеуметтік өзгерістер, ашаршылық және көшпелі халықтың отырықшылануы мектеп жүйесін тұрақты дамытуға қиындық тудырды.

Соған қарамастан, Қазақстанда оқу-ағарту ісі қысқа мерзімде дамып, халықтың сауаттылық деңгейі едәуір көтерілді. Бұл жетістіктердің ар жағында ұлттық ағартушылардың қажырлы еңбегі тұр.

XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің ең басты міндеттерінің бірі – халық арасындағы сауатсыздықты жою болды. 1920-жылдардың басында Қазақстан аумағында сауаттылардың үлесі шамамен 8–10 пайызды ғана құрады [ҚР ОМА. 693-қ. 1-т. 20-іс. 73-п.] Қазақ ауылдарындағы жағдай одан да төмен еді. Сауатсыздықтың жоғары болуы шаруашылық, құқықтық мәдениет, мемлекеттік басқару, азаматтық қатынастар сияқты салалардың дамуын тежеді. Кеңес үкіметі бұл мәселені әлеуметтік құрылымды өзгертудің басты кедергісі деп бағалап, сауатсыздықты жоюды мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыты ретінде қабылдады.

Сауатсыздықты жою науқанының саяси-құқықтық негіздерінен мысал келтірейік, 1921 жылы жарияланған «Сауатсыздықты жою туралы» декрет Қазақстандағы жаппай оқу-ағарту жүйесін қалыптастырудың басты құқықтық базасы болды. Осы құжатқа сәйкес, 18–50 жас аралығындағы барлық азаматтар белгілі бір оқу деңгейін меңгеруге міндеттелді. Декретті іске асыру үшін арнайы оқу-тәрбие жүйесі құрылып, жеделдетілген курстар, сауат ашу пункттері, кешкі мектептер және «қызыл отаулар» ұйымдастырылды [ҚР ОМА. 693-қ. 1-т. 20-іс. 82-п.].

Сауатсыздықты жою ісін Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты тікелей бақылап отырды. Комиссариат әрбір уезд, болыс және ауылдық кеңестерге оқу-ағарту жұмысының жоспарын жасатты, мұғалімдерді дайындау, оларды ауылдық жерлерге бөлу, оқу материалдарын басып шығару сияқты шараларды орталықтан басқарып отырды.

Ұйымдастыру құрылымдары мынадай болды:

Сауатсыздықты жою жұмыстары Қазақстанда екі бағытта қатар жүргізілді:

- бірінші, балалар арасында қарапайым бастауыш білім беру жүйесін кеңейту;
- екінші, ересектерге арналған қысқа мерзімді оқыту курстарын ұйымдастыру.

Осы мақсатта «Қызыл отаулар», жылжымалы мектебілер, көшпелі мектептер құрылды. Қазақстанның көптеген ауылдарына арнайы инструктор-мұғалімдер жіберілді. Бұл жұмыстың ерекшелігі – оқытушылардың тек кәсіби педагогтар ғана емес, партия-кеңес қызметкерлері, белсенді жастар, комсомолдар қатарынан алынғандығы болды.

Білім беру ісіне «Талап» сияқты қоғамдық ұйымдардың қосқан үлесі де айрықша маңызды. Олар оқу құралдарын әзірлеу, дәрістер ұйымдастыру, халық арасында жаңа емле мен жазу жүйесін насихаттау арқылы сауат ашу саясатына көмектесті.

Оқу-әдістемелік база және оқулық мәселесіне тоқталайық. Қазақстандағы сауатсыздықты жою ісінің ең үлкен қиындықтарының бірі – оқулықтар мен оқу құралдарының тапшылығы болды. Қазақ тіліндегі оқу материалдары жоқтың қасы болды. Осы жағдайда ұлттық зиялылардың өздері оқулықтар жазып, баспаға ұсынуға кірісті. А. Байтұрсынұлының «Әліпби», Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика», Х. Досмұхамедовтың «Жануарлар тіршілігі», М. Дулатұлының «Есеп құралы» сияқты еңбектері 20-жылдары жарық көре бастады.

Оқу құралдарының ішінде арифметика, тіл, тарих, география сияқты базалық пәндер бойынша кітаптарға сұраныс ерекше жоғары болды. Осындай жағдайда «Талап» қоғамының мүшесі Жәленовтің дайындаған «Есептану» (арифметика) оқулығын басып шығару бастамасы ұлттық мектептер үшін өте маңызды шешімдердің бірі еді.

Қоғам басқармасының 1923 жылы Т.Рысқұловқа жолдаған баянхатында оқулықты 15 000 данамен басып шығару үшін қаржы бөлу мәселесі нақты көтерілді [Қамзабекұлы, 1997]. ТЭС тарапынан қағаздың ақысыз берілуі және Мемлекеттік баспаның қаржылық қолдауы оқу-ағарту жұмыстарының мемлекеттік және қоғамдық күштердің бірлесуі арқылы жүзеге асқанын көрсетеді [Нұрпейісов, 2002., Байтұрсынұлы, 1922]

Бұл оқулық қазақ бастауыш мектебінің алғашқы стандартталған оқу құралдарының бірі болып, сауатсыздықты жою ісінде практикалық рөл атқарды.

Ересектерді оқытуда жеделдетілген оқыту әдістемесі қолданылды. Оқу бағдарламасы 2–3 айлық курстардан тұрды. Бағдарламаға әліпби, буындап оқу, қарапайым арифметика, қысқа мәтіндер оқу енгізілді. Әсіресе әскери бөлімдер мен жұмысшы кадрлары арасында оқыту ерекше қарқынмен жүрді.

Халық арасында оқу-ағарту жұмыстарын насихаттау мақсатында арнайы үгіт топтары, клубтар, мәдени ошақтар жұмыс істеді. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін театрланған қойылымдар, газета-оқулар, дәрістер, көрнекіліктер пайдаланылды.

«Талап» қоғамының сауатсыздықты жою ісіндегі үлесіне келер болсақ, Түркістан республикасында қызмет еткен «Талап» ағарту қоғамы сауатсыздықты жою үдерісін ғылыми-әдістемелік тұрғыда қолдады.

Қоғам:

- қазақ тіліне қажетті оқу құралдарын әзірледі;
- жаңа емлені үйрететін курстар ашты;
- халыққа арналған тарихи, тілдік және мәдени дәрістер ұйымдастырды;
- қазақтану материалдарын жинап, ғылыми ортаға ұсынды;
- зиялы қауымның сөзін халыққа жеткізуді мақсат еткен мәдени-ағартушылық орталық ретінде қызмет етті. Әсіресе жаңа әліпбиді (латын графикасын) енгізу кезеңінде қоғам мүшелерінің белсенді қызметі халық арасында жазу мәдениетін қалыптастыруға елеулі ықпал етті. М. Әуезов пен Ф. Ғалымжановтың курстары жаңа жазу жүйесін меңгергісі келген көптеген мұғалімдер мен жастарға білім берді.

1920–1930 жылдар аралығында Қазақстан халқының сауаттылық деңгейі күрт өсті. 1939 жылғы санақ бойынша республика халқының шамамен 65–70 пайызы сауатты болды. Бұл көрсеткішке небәрі 15–18 жыл ішінде қол жеткізілуі оқу-ағарту саясатының қарқынды жүзеге асқанын дәлелдейді.

Сауаттылық деңгейінің өсуі мынадай нәтижелерге алып келді:

- ұлттық мектеп жүйесінің қалыптасуы;
- педагогикалық кадрлардың көбеюі;
- қазақ тіліндегі кітаптардың жарық көруі;
- ғылым мен әдебиеттің дамуы;
- ұлттық мәдениетті зерттеу жұмыстарының күшеюі;
- қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер.

Бұл жетістіктердің арасында «Талап» қоғамы секілді ұйымдардың еңбегі айрықша. Өйткені олар оқу-ағарту саясатын тек мемлекеттік деңгейде емес, қоғамдық деңгейде қолдады, тәрбие, білім, мәдениет бағытында нақты нәтижелерге қол жеткізді.

XX ғасырдың 20–30 жылдарында Қазақстандағы оқу-ағарту саласының дамуы күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдаймен қатар жүрді. Ұлттық мектеп жүйесін қалыптастыру ісі мемлекеттік деңгейде қолға алынғанымен, аймақтық теңсіздік, материалдық тапшылық, кадрлардың жетіспеушілігі, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету проблемалары мектептердің толыққанды қызмет етуіне үлкен кедергі болды. Бұл жағдайды сол кезеңдегі мұрағат құжаттары, жергілікті білім бөлімдерінің есептері, қазақ зиялыларының баянхаттары нақты көрсетеді.

Қазақ мектептерінің материалдық-техникалық жағдайы. 1920-жылдардың басында Қазақстандағы мектептердің басым көпшілігі ауылдық жерлерде орналасқан болатын. Алайда ауылдық мектептердің абсолют басым бөлігінің оқуға жарамды ғимараттары болмады. Мектептер мешіттерде, ескі үйлерде, қолдан салынған күркелерде ашылды. «Қазақ ауылында нағыз мектеп дәрежесіне жеткен оқу орындарының саны өте аз», – деп көрсетілген Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының 1923 жылғы есебінде [ҚР ОМА. 693-қ. 1-т. 19-іс. 1-п.]

Материалдық-техникалық жағдайдың нашарлығы бірнеше себептен туындады:

- ауылдық жерлердің кедейлігі;
- мемлекет тарапынан қажетті қаржының жеткіліксіздігі;
- құрылыс материалдарының тапшылығы;

- оқу жиһаздарының жоқтығы;
- жылу жүйесінің болмауы, құрал-жабдықтың жетіспеуі;
- оқулықтар мен дәптер тапшы болуы.

Көптеген мектептерде қарапайым парта, тақта мен бордың өзі жеткіліксіз болды. Мысалы, ҚР ОМА қорларындағы 1923 жылғы есептерде Жетісу және Сырдария облыстарындағы мектептердің 60–70 пайызында парта мүлде болмағаны айтылады [ҚР ОМА. 693-қ. 1-т. 15-іс. 27-п., 693-қ. 1-т. 20-іс. 7-п]. Көп жағдайда оқушылар жерге отырып оқыған.

Мұғалім кадрларының тапшылығы.

Оқу-ағарту саласын дамытудағы ең күрделі мәселенің бірі — мұғалімдерді даярлау ісі болды. Қазақ даласында кәсіби педагогикалық кадрлардың өте аз болуы білім сапасын төмендетті.

1920-жылдардың басында Қазақстанда мектептердің жылдам көбеюі мұғалім тапшылығын күрт күшейтті. Мұғалімдердің бір бөлігі арнайы педагогикалық білімсіз, тек қысқа мерзімді курстарды аяқтағандар болды. Бұл жағдайды қазақ зиялыларының өздері бірнеше рет мемлекеттік органдарға баянхаттарында атап өткен [ҚР ОМА. 693-қ. 1-т. 9-іс. 3-п., ҚР ОМА. 693-қ. 1-т. 20-іс. 31 арт.п].

Педагогикалық техникумдар мен мұғалімдер институттары тек 1920-жылдардың ортасынан бастап жүйелі түрде ашыла бастады. Бірақ олардың материалдық базасы әлсіз, оқу бағдарламалары толық қалыптаспаған, білікті профессор-оқытушылар жетіспейтін.

Осы кезеңде «Талап» қоғамы мұғалімдердің білімін жетілдіру курстарын ұйымдастырып, жаңа әліпбиді оқытуға арналған мамандар даярлауға тікелей атсалысты М. Әуезов пен Ф. Ғалымжанов жүргізген курстар көптеген ауыл мұғалімдерінің біліктілігін арттырды.

Ұлттық мектептер үшін оқулық дайындау ісі. Оқулық мәселесі 20-жылдардағы білім жүйесінің негізгі түйіні болды. Қазақ тіліндегі оқулықтардың жоқтығы немесе тым тапшылығы оқыту сапасын тікелей төмендетті.

Осы қажеттілікті өтеу үшін қазақ зиялылары өз күштерімен оқулықтар әзірледі. Бұл бағытта «Талап» қоғамының атқарған жұмысы айрықша маңызды. Қоғам оқу құралдарын дайындауды күн тәртібінің ең басты мәселелерінің бірі ретінде қарастырды.

Жәленовтің дайындаған «Есептану» оқулығы қазақ бастауыш мектебіне арналған алғашқы арифметика кітаптарының бірі болды. 1923 жылғы 14 қаңтарда «Талап» басқармасы оқулықты Мемлекеттік баспадан 15 000 данамен шығару үшін қаржы бөлуді сұрап, Т. Рысқұловқа арнайы баянхат жазды [Қамзабекұлы, 1997]

Оқулық шығару ісінде бірнеше маңызды фактор айтылады:

- авторға қаламақы төлеу қажеттілігі;
- корректура шығындары;
- ТЭС тарапынан қағаз бөлу мәселесі;
- баспахана қызметінің қаржылық қиындықтары.

Т.Рысқұлов бұл мәселенің маңызын түсініп, 1923 жылдың 15 қаңтарында № 435 хат арқылы Мемлекеттік баспаға оқу құралын шұғыл басып шығаруды және оның алғашқы даналарын тез арада дайындауды тапсырды [Байтұрсынұлы, 1922]

Бұл жағдай ұлттық мектептер үшін оқулық шығарудың мемлекеттік және қоғамдық күштердің тығыз байланыста жүргізілгенін көрсетеді.

Оқулық пен білім мазмұнына қатысты қайшылықтар

Оқулық дайындау ісінде бірнеше қайшылық айқын көрінді:

Тілдік қайшылықтар: жаңа латын графикасына көшу кезінде жаңа емле бойынша оқулықтар жетіспеді.

Идеологиялық талаптар: оқулық мәтіндері маркстік-лениндік ұстанымға сай келуі тиіс болды. Бұл ұлттық мазмұндағы материалдарды шектеуге әкелді.

Авторлық кадрлардың жетіспеуі: оқулық жаза алатын қазақ зиялылары санаулы болды.

Баспасөздің техникалық мүмкіндігі: баспаханалардың жабдықтары ескі, қағаз жетіспеді [Әлмаханова, 1998]

Көптеген мұрағат деректерінде оқулықтардың жеткіліксіздігіне байланысты ауыл мектептерінде әр сыныпқа бір ғана кітап берілген жағдайлар кездеседі [ҚР ОМА. 693-қ. 1-т. 15-іс. 27-п., Садуақасұлы, 2003]

Педагогикалық әдістемелердің дамуы. Қазақ мектебінің қалыптасуы барысында педагогикалық әдістемелерді ұлттық ерекшеліктерге бейімдеу мәселесі де көтеріле бастады.

А. Байтұрсынұлының «Тіл құралы», М. Жұмабаевтың «Педагогика» еңбектері қазақ тілінде ғылыми-педагогикалық ойдың қалыптасуына жол ашты.

«Талап» қоғамының ұйымдастырған дәрістері педагогикалық ойды жаңғыртуда да ерекше рөл атқарды:

- М. Әуезов қазақ әдебиетінің даму кезеңдері туралы тың ғылыми тұжырымдар жасады;
- Х. Досмұхамедов тілдегі сингармонизм заңдылықтарын түсіндірді;
- М. Жұмабаев Абай шығармашылығына терең талдау жасады;
- М. Тынышпаев қазақ тарихына қатысты тың мұраларды айналымға енгізді.

Бұл дәрістер ұлттық оқу мазмұнының қалыптасу үдерісін байытты.

Оқу-ағарту ісіндегі қосымша қиындықтар.

1920–30 жылдары мектеп жүйесінің дамуына тосқауыл болған бірнеше факторды атауға болады:

– Экономикалық қиындықтар: Азамат соғысы, жұт, ашаршылық салдарынан халықтың әлеуметтік жағдайы нашар болды.

– Жаппай ұжымдастыру: Малынан айырылған ауылдарда балаларды мектепке даярлау мүмкіндігі төмендеді.

– Көшпелі халықты отырықшыландыру: жаңа қоныстарда мектеп салу мәселесі уақыт алады.

– Идеологиялық қысым: ұлттық оқулықтардың мазмұны кеңестік талаптарға сай болуы тиіс болды.

Дегенмен осы қиындықтарға қарамастан, қазақ мектебі 20-жылдары қарқынды дамыды. Бұл кезең – ұлттық білім беру жүйесінің іргетасы қаланған тарихи уақыт.

Түркістан республикасында 1922–1923 жылдары белсенді қызмет атқарған «Талап» қоғамы ХХ ғасырдың 20–30 жылдарындағы Қазақстандағы оқу-ағарту саясаты мен ұлттық мәдениетті дамытуда айрықша рөл атқарған ұйымдардың қатарында болды. Қоғамның қызметі тек оқу құралдарын әзірлеумен немесе студенттерге көмек көрсетумен шектелмей, оның аясында қазақ халқының тарихын, этнографиясын, тілін, әдебиетін, мәдени мұрасын зерттеу және насихаттау ісі кең көлемде жүргізілді.

Қоғамның жұмыс мазмұнына мән берсек, оның қызметі ғылым, мәдениет, білім салаларының тоғысқан тұсында тұрғанын көреміз. Бұл – ол кезеңдегі қазақ зиялыларының жан-жақтылығын, қоғам алдындағы жауапкершілігін, ұлттық мәдениетті сақтап қалуға деген күшті ұмтылысының дәлелі.

Ғылыми дәрістер мен талқылаулар – ұлттық білім кеңістігінің жаңа үлгісі.

1920-жылдардағы қазақ зиялыларының ғылыми-ағартушылық қызметінің ең маңызды формаларының бірі – ашық дәрістер болды. «Талап» қоғамының ұйымдастыруымен 1923 жылдың өзінде 10-нан астам дәріс оқылды. Бұл дәрістер ғылыми мазмұнымен ғана емес, қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне бағытталған тың көзқарастарымен ерекшеленді.

Дәрістердің мазмұны бойынша олар бірнеше бағытқа бөлінді: Түркі-монғол және қазақ тарихына қатысты дәрістер.

М. Тынышпаевтың дәрістері қоғам мүшелері мен зиялы қауым арасында үлкен ықылас тудырды. Оның «Түркі-монғол тарихы туралы» баяндамасы үш негізгі мәселені қамтыды:

- Қарахандар және Сейілхандар әулеті;
- Қарақытайлар мен Хорезм арасындағы тарихи қатынас;
- Монғол жұрты және Шыңғыс ханның саяси-экономикалық реформалары.

Бұл мәліметтер сол кезең үшін мүлде тың болатын, өйткені отарлық кезеңде қазақ тарихына қатысты мұрағат құжаттары халыққа қолжетімсіз еді. Тынышпаевтың еңбектері қазақтың тарихи сана-сезімін қалыптастыруға, тарихи білімді кеңейтуге зор ықпал етті.

Қазақ этнографиясы мен фольклоры жөніндегі дәрістер

Ә. Диваевтың дәрістері қазақ этнографиясы, тұрмыс-салт дәстүрлері, ауыз әдебиетінің шығу тарихы туралы болды. Ол «Аңыздардағы қазақ әйелдері», «Түркістан халықтарының археологиялық-этнографиялық ерекшеліктері» сияқты тақырыптарға ғылыми сипаттама берді.

Ә. Диваев жинаған этнографиялық материалдар сол кезеңдегі қазақ оқырмандары үшін ғана емес, кеңестік этнография ғылымы үшін де құнды болды. Оның мұрасын ғылыми айналымға түсірген алғашқы зиялылардың бірі – «Талап» қоғамы.

Әдебиеттанулық және тілтанулық бағыттар.

М. Әуезовтің «Қазақ халық әдебиетінің негізгі даму кезеңдері» атты дәрісі ұлттық әдебиеттанудың қалыптасуына үлкен серпін берді. Бұл дәрісте әдеби жанрлар, ауыз әдебиеті дәстүрінің тарихи эволюциясы, ақын-жыраулар мектебі туралы жүйелі талдау жасалды.

М. Жұмабаевтың «Ақын Абай, шығармаларына сын-пікір» дәрісі – Абайтанудың қалыптасуындағы алғашқы ғылыми қадамдардың бірі. Ол Абай шығармашылығын жүйелі талдап, қазақ әдебиетінің жаңа рухани арнасын айқындап берді.

Х. Досмұхамедовтың «Түркі тіліндегі, ең алдымен қазақ тіліндегі сингармонизм заңдылықтары» атты баяндамасы қазақ тіл білімінің негізін ғылыми жолмен түсіндіруге бағытталды. Бұл дәріс қазақ тілін оқытуда теориялық негізді күшейтіп, емле реформасына ғылыми сипат берді.

Қазақтану бағыты және мұра жинау ісі. «Талап» қоғамының ең ауқымды бағыттарының бірі – қазақ халқының рухани, тарихи-этнографиялық мұрасын жинау, жүйелеу және жариялау болды.

Қоғамның мақсаты – ұлттық болмысты танытатын ғылыми деректерді жинақтап, оны ғылыми ортаға ұсыну. 1923 жылы жарияланған «Ақ жол» газетінің мәліметінде қоғамның басты міндеттерінің қатарында қазақтану негізіндегі алғашқы ірі кітапхананы құру мақсаты тұрғаны айтылады [Ақ жол, 2011].

Кітапханаға жинау көзделген материалдар:

- көне қолжазбалар;
- халық ауыз әдебиетінің нұсқалары;
- тарихи шежірелер;
- қазақтар туралы шетелдік зерттеушілердің еңбектері;
- фольклорлық деректер;
- этнографиялық жазбалар.

Бұл бастама қазақ мәдениетін жүйелі зерттеуге бағытталған алғашқы институционалдық қадамдардың бірі болып саналады.

Жаңа әліпби және емле реформасын насихаттау.

1920-жылдардың соңында қазақ халқын жаңа латын графикасына көшіру мәселесі күн тәртібіне шықты. Бұл реформаны халыққа түсіндіру, жаңа жазуды үйрету, жаңа емле бойынша оқулықтар дайындау міндеттері қоғамдық ұйымдардың қолдауын қажет етті.

Осы кезеңде «Талап» қоғамы жаңа әліпбиді насихаттау ісінің алдыңғы қатарында болды. Басқарма мүшелері М. Әуезов пен Ф. Ғалымжановқа жаңа әліпби курстарын ұйымдастыру тапсырылды [ҚР ОМА. 693-қ. 1-т. 20-іс. 7-п.] Бұл курстарды қоғам мүшелерінің бәрі оқуға міндеттелді.

Жаңа әліпбиді меңгеру ауыл мұғалімдері үшін аса маңызды болды, өйткені сауатсыздықты жою және ұлттық мектептердегі білім сапасын арттыру жаңа графика негізінде жүргізілді.

Қоғамның шетелдегі қазақ жастарына көрсеткен қолдауы. 1920-жылдары шетелде, әсіресе Германияда, Түркияда, Ресейдің орталық қалаларында қазақ жастары білім алды. Олар – болашақ ұлттық кадрлар, қазақ ғылымының тірегі.

Қоғам 1923 жылы Берлиндегі қазақ студенттерінің қиын жағдайына байланысты мәселе көтеріп, оларға қаржылай көмек жинау үшін дәріс-талқылар ұйымдастыру туралы қаулы қабылдады [ҚР ОМА. 693-қ., 1-т., 15-іс, 27. п.] Бұл бастама — оқу-ағарту ісі тек ішкі саясатпен шектелмей, кең көлемді ұлттық мүдде деңгейіне көтерілгенін дәлелдейді.

Ұлттық зиялыларды ұлықтау – тарихи сананы қалыптастыру үлгісі.

«Талап» қоғамы қазақтың аса ірі тұлғаларын құрметтеу, олардың шығармашылығын насихаттау ісін ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастырудың бір бөлігі деп есептеді.

1923 жылы қоғам А. Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойын өз бетімен атап өтті. М. Есболовтың М. Дулатовқа жазған хатында Алаш көсеміне: – «Ғасырлық ұйқыдағы қазақты оятқан ұлы тұлға» – деп баға беруі [Қамзабекұлы, 1997] – сол дәуірдегі ұлттық рухани сана деңгейінің жоғары болғанын дәлелдейді.

Сол сияқты Ә. Диваевтың 40 жылдық ғылыми қызметін атап өтуге мемлекет алдында ұсыныс білдіруі [ҚР ОМА. 693-қ., 1-т., 33-іс, 4 п.] – қоғамның мәдени-ағартушылық қарекетінің кеңдігін көрсетеді.

XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Қазақстандағы оқу-ағарту саласының даму динамикасын талдағанда, бұл үдерістің кеңестік идеологиямен тығыз байланыста болғанын ескермеуге болмайды. Білім беру жүйесі социалистік қоғам құрудың негізгі саяси құралы ретінде қарастырылды. Оқу мазмұны, мұғалімдер даярлау жүйесі, мектептердің ұйымдастырылуы, оқулықтардың құрылымы – бәрі де кеңестік саяси талаптарға сәйкес болуы тиіс еді.

Осы тарихи контекст оқу-ағарту саласының әлеуетін шектеп қана қоймай, ұлттық интеллигенцияның қызметін саяси бақылауға алып, кейіннен жаппай репрессияға негіз қалады.

1920-жылдарда оқу мазмұнында салыстырмалы түрде ғылыми еркіндік басым болды. Қазақ зиялылары өздері дайындаған оқулықтарды, ғылыми еңбектерді, әдеби және педагогикалық материалдарды оқу үдерісіне енгізе алды. А. Байтұрсынұлының «Тіл құралы», М. Жұмабаевтың «Педагогикасы», Х. Досмұхамедовтың биология саласындағы еңбектері, М. Дулатұлының математика оқулықтары кеңінен қолданылды.

Алайда 1930-жылдардың басынан бастап бұл жағдай түбегейлі өзгерді. Кеңестік партиялық бақылау күшейіп, білім беру жүйесі маркстік-лениндік идеологияға толықтай бағындырылды. Басты мақсат – социалистік дүниетанымы берік «жаңа адам» қалыптастыру болды.

Нәтижесінде қазақ мектептеріндегі оқу бағдарламасында келесі идеологиялық ұстанымдар басымдық алды:

- тап күресінің үстемдігі;
- социализмнің капитализмге қарағанда артықшылығы;
- марксизм-ленинизм негіздері;
- партияның жетекші рөлі;
- кеңестік мемлекет мүддесіне қызмет ету.

Бұл өзгерістер, шын мәнінде, ұлттық білім мазмұнын шектеуге алып келді.

Ұлттық тарихты оқытудың шектелуі.

Кеңес билігі үшін қазақ халқының дәстүрлі тарихын толық әрі объективті оқыту қауіпті саналды. Қазақ хандары, батырлар, ұлт-азаттық қозғалыстар тұлғаларына байланысты деректер оқу бағдарламасынан алынып тасталды немесе бұрмаланған түрде берілді.

Мысалы:

- Кеңесары хан бастаған көтеріліс «феодалдық-монархиялық реакция» деп бағаланды;
- Алаш қозғалысы «ұлтшыл-буржуазиялық» деп айыпталды;
- Қазақ хандығы тарихы «көшпелі феодализмнің көрінісі» ретінде түсіндірілді.

Осы тұста «Талап» қоғамының ұлт тарихын зерттеуге бағытталған дәрістеріне күдікпен қарау орын алды. Х. Досмұхамедов пен М. Тынышпаевтың тарихи баяндаулары, Ә. Диваевтың этнографиялық зерттеулері 1930-жылдардан кейін «ұлтшылдықтың көрінісі» ретінде қабылданды.

Оқулық жазу ісіндегі идеологиялық бақылау.

1930-жылдары жаңа оқулықтар жазу ісі саяси қадағалауға түсті. Әр бір оқу құралы арнайы партиялық редакциядан өтетін болды.

Маркстік-лениндік идеологияға сай келмейтін материалдар бірден алынып тасталатын. Бұл жағдай ұлттық зиялылардың педагогикалық шығармашылығына үлкен шектеу қойды. Ұлт оқулықтарының алғашқы нұсқалары (А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Жәленов және басқалардың еңбектері) 1930-жылдары қолданыстан біртіндеп шығарылып, олардың орнына орталықтан әзірленген кеңестік үлгідегі оқулықтар енгізілді. Мысалы, Жәленовтің 1923 жылы шыққан арифметика оқулығы пайдалы және практикалық қолданбалы болғанына қарамастан, 1930-жылдардың ортасына қарай жаңа идеологияға бейімделген математикалық оқулықтармен алмастырылды. Сонымен бірге, автордың өзі Алаш қозғалысына жақындығы үшін саяси қысымға түсті.

1937–1938 жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргін қазақ қоғамына орны толмас зиян келтірді. Қазақтың ғылыми, әдеби және педагогикалық элитасы түгелге жуық репрессияға ұшырады. Бұл жағдай оқу-ағарту саласының дамуына ауыр соққы болды.

Репрессияға ұшыраған зиялылардың қатарында: А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедов, М. Тынышпаев, М. Жұмабаев, С. Қожанов, Х. Ғаббасов, Ж. Аймауытов, С. Сәдуақасов және өзге көптеген мемлекет қайраткерлері, ғалымдар мен ұстаздар болды. Бұлардың барлығы оқу-ағарту ісінде жетекші рөл атқарған, оқулық дайындаған, ұлттық ғылым мен әдебиетті дамытқан тұлғалар еді. Олардың жоқтығы ұлттық педагогиканың дамуындағы үзіліске алып келді.

Түркістандағы «Талап» қоғамы да репрессия толқынына ұшырады. Қоғам мүшелерінің көбінің Алашорда қозғалысымен байланысы болғаны үшін 1930-жылдары олардың қызметіне күдікпен қаралды.

Мысалы:

- Х. Досмұхамедов 1930 жылы тұтқындалып, кейін атылды;
- М. Тынышпаев қуғын-сүргінге ұшырап, 1937 жылы атылды;
- М. Жұмабаев «ұлтшыл» деген айыппен 1937 жылы репрессияланды;
- М. Әуезов те қудалауға түскенімен, өз өмірін сақтап қалды;

– М. Есболов қоғам жұмысының ұйымдастырушысы ретінде бірнеше мәрте тергеуге шақырылды. Бұл тұлғалардың тұлғалық тағдыры – халықтың мәдени интеллигенциясына жасалған зор қылмыс еді.

Қорытынды. XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Қазақстандағы оқу-ағарту саласы күрделі тарихи жағдайларға қарамастан, ұлттық мәдениеттің жаңғыруына және қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымының өзгеруіне зор ықпал еткен кезең болып табылады. Бұл жылдары білім беру жүйесі бір жағынан кеңестік идеологияға тәуелді болса, екінші жағынан қазақ зиялыларының күш-жігерінің арқасында ұлттық педагогика, ана тіліндегі оқулықтар, ғылыми-ағартушылық қозғалыстар қалыптасты.

Сауатсыздықты жою науқаны қысқа мерзім ішінде халықтың білім деңгейін көтерді, ұлттық мектептер саны артты, білім беру жүйесі біршама орталықтандырылды. Қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтар, әдістемелік құралдар шығарылып, мұғалім кадрларын даярлау ісі жолға қойылды.

Түркістан республикасында құрылған «Талап» қоғамы осы үдерістің шынайы интеллектуалдық орталығына айналды. Қоғам мүшелері ұлттық тарих, этнография, әдебиет пен тіл зерттеулерін жүргізіп қана қоймай, қазақ мектептерінің қажеттілігі үшін оқулықтар дайындады, жаңа әліпбиді насихаттады, ғылыми дәрістер оқыды, шетелде оқып жүрген қазақ жастарына қолдау көрсетті. «Талап» қоғамы ұйымдастырған мәдени-ағартушылық іс-шаралар қазақ зиялыларының ұлттық мүдде жолындағы бірлігін көрсететін маңызды тарихи феномен ретінде бағалануы тиіс.

Дегенмен 1930-жылдардағы тоталитарлық режимнің күшеюі, жаппай репрессия, білім беру ісінің толық идеологиялануы ұлттық ағартушылық бағыттың табиғи дамуын үзді. Қазақ зиялыларының үлкен бөлігі қуғындалды, олардың еңбектері оқу бағдарламаларынан алынып тасталды, ұлттық педагогика тоқырауға ұшырады.

Соған қарамастан, 1920-жылдардағы ағартушылық қозғалыс пен «Талап» қоғамының мұрасы қазақ қоғамының рухани дамуы үшін тарихи түрде өлшеусіз маңызды. Бұл кезеңде қаланған ұлттық білім жүйесінің іргетасы кейінгі дәуірлерде жалғасып, Қазақстанның қазіргі білім беру кеңістігінің қалыптасуына негіз болды.

Зерттеу көрсеткендей, XX ғасырдың 20–30 жылдары – оқу-ағарту саясатының қарама-қайшылыққа толы, бірақ нәтижелі, тарихи маңызы зор кезеңі. Ол қазақ халқының ұлттық санасын оятып, мәдени мұрасын жаңғыртып, жаңа буын сауатты азаматтарын қалыптастыруда шешуші рөл атқарды.

Дереккөздер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві

Әдебиеттер

Ақ жол, 2011 – *Ақ жол*. Көп томдық. Алматы: Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайы, 2011. 170–172-бб.

Әлмаханова, 1998 – *Әлмаханова Р.* Халел басқарған «Талап» қоғамы // *Ақиқат*. 1998. № 3. 62–63-бб.

Әпендиев, 2021 – *Әпендиев Е.Т.* Білім беру саясатының әлеуметтік салдары: Қазақстан тарихы (1920–1930 жж.) // *EduHistory*. 2021. № 1. 55–68-бб.

Байтұрсынұлы, 1922 – *Байтұрсынұлы А.* Қалам қайраткерлерінің жайынан // *Еңбекші қазақ*. 1922. 8 шілде.

Қамзабекұлы, 1997 – *Қамзабекұлы Д.* Руханият. Алматы, 1997. 43–47-бб.

Қозыбаев, 1998 – *Қозыбаев М.* Тарих зердесі. Алматы: Ғылым, 1998. 2 т. 275 б.

Қойгелдиев, 2004 – *Қойгелдиев М.* Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII–XX ғғ.). Алматы: Жалын, 2004. 279–280-бб.

Нұрпейісов, 2002 – *Нұрпейісов К.* «Садақ» атты қолжазба туралы пікір // *Кәкішев Т.К. Мерей*. Алматы, 2002. Т. 1. 633 б.

Садуақасұлы, 2003 – *Садуақасұлы С.* Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Алаш, 2003. 360 б.

Шашаев, 2020 – *Шашаев А.Қ.* Қазақ ұлттық интеллигенциясының оқу-ағарту саласындағы қызметі (1920–1930 жж.) // *Отан тарихы*. 2020. № 2. 72–86-бб.

Sources

CRCSA – Qazaqstan Respublikasynyń Ortalyq memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]

References

- Aq zhol, 2011 – *Aq zhol*. Kop tomdyq [Aq Zhol. Multivolume edition]. Almaty: South Kazakhstan Regional Museum of Victims of Political Repression, 2011. Pp. 170–172. [in Kazakh]
- Almahanova, 1998 – *Almahanova R.* Khalel basqarğan «Talap» qoğamy [The “Talap” Society led by Khalel]. *Aqiqat*. 1998. No. 3. Pp. 62–63. [in Kazakh]
- Appendiev, 2021 – *Appendiev E.T.* Bilim beru sayasatynyn aleumettik saldary: Qazaqstan tarikhly (1920–1930) [Social consequences of education policy: History of Kazakhstan (1920–1930)]. *EduHistory*. 2021. No. 1. Pp. 55–68. [in Kazakh]
- Baitursynuly, 1922 – *Baitursynuly A.* Qalam qairatkerlerinin jayinan [On literary figures]. *Enbekshi qazaq*. 1922. July 8. [in Kazakh]
- Kamzabekuly, 1997 – *Kamzabekuly D.* Ruhaniat [Spirituality]. Almaty. 1997. Pp. 43–47. [in Kazakh]
- Kozybaev, 1998 – *Kozybaev M.* Tarih zerdesi [Historical memory]. Almaty: Gylym, 1998. Vol. 2. 275 p. [in Kazakh]
- Koigeldiev, 2004 – *Koigeldiev M.* Ulttyq saiasi elita. Qyzmeti men tagdyry (XVIII–XX gg.) [National political elite. Activity and destiny (18th–20th centuries)]. Almaty: Jalyn, 2004. Pp. 279–280. [in Kazakh]
- Nurpeisov, 2002 – *Nurpeisov K.* «Sadaq» atty qolzhazba turaly pikir [On the manuscript “Sadaq”]. In: Kakishev T.K. Merey. Almaty. 2002. Vol. 1. 633 p. [in Kazakh]
- Saduakasuly, 2003 – *Saduakasuly S.* Eki tomdyq shygarmalar zhinagy [Collected works in two volumes]. Almaty: Alash, 2003. 360 p. [in Kazakh]
- Shashaev, 2020 – *Shashaev A.Q.* Qazaq ulttyq intelligentsiasynyn oqy-ağartu salasyndagy qyzmeti (1920–1930) [Educational activity of the Kazakh national intelligentsia (1920–1930)]. *Otan tarihy*. 2020. No. 2. Pp. 72–86. [in Kazakh]

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 1

<i>Касымова Д.Б., Капаева А.Т., Кудайбергеноулы Б.</i> О «ФЕОДАЛЬНО-БАЙСКИХ ПЕРЕЖИТКАХ» В КАЗАХСКОЙ ССР: ДИСКУРС, ПРАВО И ПРАКТИКИ.....	5
<i>Козина В.В., Уалтаева А.С., Баймагамбетова А.А.</i> СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ МОНОГОРОДОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	22
<i>Мамраймов С.</i> КЕҢЕСТІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН БАЙ-ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ТӨРКІЛЕУ (1928–1933 жж.).....	40
<i>Turgunbayev I.Ye., Moryakova M.T., Zhanatayeva K.B.</i> VILLAGE INSTITUTES IN TÜRKIYE AS AN INSTRUMENT OF CULTURAL POLICY.....	54
<i>Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch.</i> THEORETICAL AND SOURCE BASE FOR THE STUDY OF HISTORY OF KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN CONCENTRATION CAMPS ON THE TERRITORY POLAND DURING THE WORLD WAR II.....	66
<i>Жолдасұлы Т., Досым А.Б.</i> ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ИСЛАМНАН ӨЗГЕ ДІНИ ҰЙЫМДАР: СОВЕТТІК КЕЗЕҢ ТӘЖІРИБЕСІ (1960–1980 ЖЖ.).....	77
<i>Zhumatay G., Yskak A.</i> TSARIST RUSSIA'S CIVILIZING MISSION AND POLICY OF CHRISTIANIZATION OF THE KAZAKHS IN THE SECOND HALF OF THE 19 th AND BEGINNING OF THE 20 th CENTURIES.....	91
<i>Zholseitova M.A.</i> SOCIO-POLITICAL TRANSFORMATION OF THE TURKIC-MUSLIM SOCIETY IN THE INTELLECTUAL HERITAGE OF THE ALASH MOVEMENT.....	107
<i>Сабитов Ж.М., Каратаев А.А.</i> О ПРОИСХОЖДЕНИИ И ИСТОРИИ ПЛЕМЕНИ АРГЫН.....	118
<i>Бимақанова З.Ш., Мұқанова Г.Қ., Нұрғалиева Ф.М.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «КІШІ ҚАЗАН» ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ.....	132
<i>Ахметова Г.М.</i> ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ОТЕЧЕСТВЕННАЯ И ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ.....	142

Ермаханова М.А., Абдразақова А.Ө., Айтуар Б.М. АҢЫЗ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ: ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ ТҮЛҒАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	161
Махамбетова Л.А., Мейрманова Г.А. У.Х. ШӘЛЕКЕНОВТИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....	174
Байжанова А.Ә., Шашаев Ә.Қ., Әділбекова З.Ә. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	185
Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М. «ИМПЕРАТОР ГУАНСЮЙ БИЛГІ ТҰСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ШЕКАРА ДЕЛИМИТАЦИЯЛЫҚ КАРТАСЫНЫҢ ҚЫТАЙША АУДАРМАСЫНДА» КӨРСЕТІЛГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАЛАР.....	199
Zholdas A.K., Amirbek A.A., Kumganbayev Zh. K. THE ROLE OF HISTORY TEACHING IN FORMING THE KAZAKH INTELLIGENTSIA (1918–1927 YEARS).....	210
Саркенова К.А., Әбенова Б.С. БАТЫС СІБІР: ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНСІ, ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ (XVIII Ғ. СОҢЫ – XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	219
Mirzakulova R.M., Alpysbayeva N.K. SCHOLARS' PERSONAL FUNDS IN THE SCIENTIFIC ARCHIVE OF "GYLYM ORDASY" AS A PHENOMENON OF HISTORICAL MEMORY.....	234
Абдукадыров Н.М., Қалдыбаева С.С., Көбесова А.С. ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДА ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫ).....	249
Ауанасова К.М., Ауанасова А.М., Бадиев А.М. ВКЛАД СЕРАЛИ ЛАПИНА В ПРАВОВОЙ МОДЕРНИЗМ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ЗАПАДНОЙ И РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ).....	266
Akhmetova Zh.K., Abdrazakova A.U. THE KAZAKHSTANI VARIANT OF THE SOVIET NATION-BUILDING PROJECT IN THE CONTEXT OF IMPERIAL LEGACY AND SOCIALIST MODERNIZATION (1920–1940).....	276
Azretbergenova E.Zh., Baigarayev N.A. ISSUES OF CULTURAL POLICY AND NATIONAL IDENTITY IN THE PERIOD BETWEEN THE KAZAKH AUTONOMOUS SOVIET SOCIALIST REPUBLIC AND THE KAZAKH SOVIET SOCIALIST REPUBLIC.....	288

Дюсенова Н.К. ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ.....	303
Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., Исаева А.И. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХНАМАСЫ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛІК ТҮРҒЫДАН ШОЛУ.....	312
Сарсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б. ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....	325
Турекеев К.Ж. НАРЕЧЕНИЕ ИМЕНИ У КАРАКАЛПАКОВ НАВОЙСКОЙ И САМАРКАНДСКОЙ ОБЛАСТЕЙ: ТРАДИЦИИ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ.....	333
Шамшетдинова Д.И. УСПЕХИ И НЕДОСТАТКИ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ БЫТОВОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ КАРАКАЛПАКСТАНА В 1960–80-Е ГГ.....	343
Мұхатова О.Х., Қаипбаева А.Т., Саипова К.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	353
Қабдолдина К.Қ., Құндақбаева Ж.Б. ДІНИ ПАРЫЗ БЕН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕР АРАСЫНДА: ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫЛЫҚҚА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....	367
Қалишабаев А.Ж., Елеуов М.Е. Т.Н. СЕНИГОВА: БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ (1950–1970 ЖЫЛДАР).....	378
Кенжебаев Ф.Қ. Сайфулмаликова С.С. БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНА ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	387
Темирханова А.С., Альбина Абеновна Максүтова А.М., Исакаева А.М. ҚАСЫМ ЕРТІСБАЕВ ТҮЛҒАСЫ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КОНТЕКСІНДЕ.....	400
Мухамадеева И.А., Кенжебек Д.К., Жаксыбаева А.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА «КАЗАХ» (1913–1918 ГГ.) КАК ОДИН ИЗ ИСТОЧНИКОВ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	410



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru